



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

9. Танымдық қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: «Мұрагер» баспа үйі, 2005. 176 бет.
10. Мұратова Г.А. Абай тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі. Филология ғыл. док. ғыл. дәрежесі. диссер. авторефераты. Алматы, 2009. 50 бет
11. Нұрпейісов Әбдіжәміл. Қан мен тер. Трилогия. Алматы, «Жазушы», 1976. 824 бет
12. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6-том/Құраст.: Ж.Қоңыратбаева, Ғ.Қалиев, Қ.Есенова және т.б. – Алматы, 2011
13. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-пресс, 2008. – 968 б.
14. <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=2359>
15. http://www.zox.kz/load/aza_debieti/n_rpejisovty_an_men_ter_romanyna_salystyrma_ly_sal_astyrmaly_taldau/13-1-0-811

ӘОЖ 81'373.611:811.512.122

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ СӨЗЖАСАМ ДЕҢГЕЙІНІҢ ИНТЕГРАТИВТІК СИПАТЫ ЖАЙЫНДА

Рсmbетова Айгерім Әбүгәліқызы

a.rsmbetova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология: қазақ тілі мамандығының ІІ курс магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Шоқабаева С.С.

Өз кезегінде ғылымдардың интеграциясы шамамен ХХ ғасырдың ортасынан басталды. Интегративтік әдіс күрделі нысанның жан-жақты қырын толықтыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде бірәспектiлi, көп көрiнiстiң орнына көпәспектiлi интегрaтивтi түсiнiк келедi. Яғни тiл бiлiмiнде жаңа бағыт – интегрaтивтiк тiл бiлiмi қалыптаса бастады.

Жалпы интеграция терминi тiл бiлiмiнде заманауи термин болғанымен, ғылыми әдебиеттердегi, дереккөздердегi мәлiметтерден оны талдаумен ортағасырлық ғалымдардың да айналысқанын, бұл терминдi ежелден қолданғандығын байқауға болады.

Ең алғаш интеграция терминi латын тiлiнде мынадай мағынада қолданылған: «қандай да бiр бөлiктердiң бiртұтас болып бiрiгуi, олардың арасындағы байланыстардың дамуы; қандай да бiр бөлiктердi немесе элементтердi қалпына келтiру, орнын толтыру, бiртұтастандыру; жекелеген бөлшектердiң тұтас байланыстылығын бiлдiретiн жүйелер теориясының ұғымы, сондай қалыпқа түсiретiн процесс» [1, 302].

Ал лингвистикада бұл ұғым жаңаша қырынан танылып келедi. Лингвистиканың өзi интегралды ғылым. Оның интегралдығы табиғи тiлдiң статикасы мен динамикасындағы құрылымы мен қызметiн зерттеу арқылы анықталады.

Сондай-ақ интеграция терминi тiл бiлiмi ғылымында мынадай мағынада қолданылады: «тiлдердiң бiрiгуi, бiрiгу процесiнде олардың айырмашылықтарының жойылуы» [2, 141]. Көрiп отырғанымыздай, интеграция терминiнiң бiрiктiрiп, тұтастандырушы ретiнде тiл бiлiмi ғылымында да өз мәртебесi бар.

«Интеграция» терминi бiрнеше ғылым салаларында қолданылады, бiрақ әрқайсысының өз зерттеу нысаны мен өзiне тән ерекшелiктерi бар. Бұлардың iшiнде кеңiнен тараған ғылым салаларына математика, экономика, лингвистиканы жатқызуға болады. Қазiргi қазақ тiлiнiң бiр саласы – сөзжасам да тiл бiлiмiнiң жеке саласы бола тұра, оның өзге салаларынан қол үзiп қалмай, тығыз байланыста, бiрлiкте дамиды. Тiл бiлiмiндегi интегрaтивтiк сипаттың көрiнiсi сөзжасамнан да байқалады.

Мақаламызда бiз қазiргi қазақ тiлi сөзжасам деңгейiнiң интегрaтивтiк сипатына тоқталамыз.

Қазіргі қазақ тілі сөзжасам саласының көптеген мәселелері зерттеліп, ғалымдардың назарында жүргенімен, бүгінгі таңға дейін әлі шешілмеген, толық зерттелмеген мәселелері де бар. Бұл уақытқа дейін сөзжасам құрылымдық тіл білімі аясында қарастырылып келсе, қазіргі уақытта функционалдық тұрғыдан қазіргі заманғы лингвистикада тіл туралы ғылымды игеруде интегративтік сипатта зерттеу қолға алынуда. Қазақ тілі сөзжасам деңгейінің интегративтік сипатының зерттелу мәселесін осындай өзекті, зерттеуді қажет ететін мәселелердің қатарынан тануға болады.

Тілдің сөзжасам жүйесі тілдің жалпы даму заңдылығына бағынады. Тіл бірден өзгеріп, жаңа сапаға көшетін құбылыс емес, ол үнемі даму үстінде қызмет етеді. Сөзжасам жүйесі - көне заманнан бері белгілі бір жүйеге түсіп, әбден қалыптасқан жүйе. Сондықтан қазақ тіл біліміндегі сөзжасамды интегративтік қағидаға сай қарастыру оның тағы да бір қырын толықтырумен тең.

Тіл білімінің қай саласын алып қарасақ та олардың арасында тығыз, жүйелі байланыс барын көреміз. Жалпы тіл білімінде ғана емес, әлемде, табиғатта, ақпаратта, психология, педагогика, әдебиет, математика, химия кез келген басқа ғылым салаларынан да тығыз байланысқан тізбекті көруге болады. Осындай әр саланың арасындағы байланыстырушы қызмет атқаратын қандай да белгілі бір жүйе бар. Мысалы, психологияны алып қарасақ, оны құрап отырған оның барлық құраушы бөліктерін (сана, сезім, түйсік, ой және т.б.) бір-біріне елестетуге болмайды. Сана бар жерде ой болады, түйсік бар жерде ақыл бар, ақыл бар жерде сана бар. Олардың түп төркіні қашан да келесі бір қажетті саланы меңзеп отырады. Жүйесіз ғылым болмайды. Жалпы ғылымды құрап отырған пәндер арасында да пәнаралық байланыс болады. Яғни, ғылымның өзі қандай да бір белгілі байланысқан, жүйелі, сан алуан ғылымдардан тұрады. Бірақ әрқайсысының атқаратын қызметі, ғылымда ойып алған ерекше орны бар. Сондықтан ғылымның қай саласын алып қарасақ та оның басқа ғылым салаларымен байланысы барын көреміз.

Тіл біліміндегі интеграция құбылысының сипаты, оның ішінде сөзжасамдағы көрінісінің қарастырылуы ғалым Л.Қ. Жаналинаның есімімен тығыз байланысты. Бұған дәлел ретінде ғалымның «Актуальные проблемы языкознания» [3], «Интегративное словообразование» [4] атты еңбектерін атауға болады. Аталмыш еңбектерінде ғалым орыс тіл білімінің сөзжасам жүйесін интегративтік сипатта қарастыруды ұсынады.

Л.Қ. Жаналинаның сөзімен келтірсек: «Это требует интегративный подход к языку, реализующий в научном описании как интегративный принцип, есть позиция исследователя, обеспечивающая проникновение в сложную структуру объекта, выявление его полиаспектности за счет наложения исследовательских инструментов и объединения семасиологического, функционального и ономазиологического, синхронного и диахронического, системно-семантического, функционального и когнитивного подходов» [4, 111]. Интегративті қағиданың және интегративті әдістің нәтижесі бір уақытта тілдің бірнеше жақтарын қарастыратын интегративті сипатына айналады.

Осыдан келіп сөзжасамның интегративтік сипатын қарастыруымыз да заман талабына сай әрі тілдің күн өткен сайын дамып, толығып, күрделене түсетіні қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесімен де тікелей байланысты.

Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы тіл білімінің басқа салаларымен терезесі тең, олармен тығыз байланыста дамып келеді. Сөздің дыбыстық жағы, құрамы, мағынасы, жасалуы, тіркесуі бір-бірімен байланыста болғанда ғана анықталады. Яғни мұндай байланыстылық тіл білімінің кешенді жүйе екенін дәлелдейді.

Ең алдымен сөзжасамның фонетика саласымен байланысына тоқталайық. Фонетика тіл білімнің дыбыстық жүйесін қарастырады. Осы тұрғыдан дыбыс өзгерістері сөз мағыналарын айқындап та отырады. Бұл жерде Ф.де Соссюрдің ойынша, диахронды лингвистиканың негізі болып бірінші кезекте фонетика, оның ішінде фонетикалық өзгерістер мен фонетикалық эволюцияның грамматикалық көріністерінде, сонымен бірге тілдегі жаңартушы және консервативтік бастау ретіндегі аналогия (ұқсастық, үйлестік) аталатынын айта келіп, сөз мәні мен мағынасындағы өзгеріс тарихи даму барысында айқын көрінеді. Профессор

А.Салқынбай фонетика мен сөзжасам салаларының байланысына қатысты былай деп жазады: «Бір ұғымның әртүрлі сипатта өзгере дамуын белгілеп, жаңа мағына туғызуда аллофондық дыбыстар келе-келе жеке фонемалық деңгейге көтерілген немесе сәйкес дыбыстарға жіктеле дамыған. Осыған байланысты тілде дыбыстар сәйкестігі нәтижесінде жаңа атаулар пайда болған. Бұл - сөзжасамның зерттеу нысанына айналатын күрделі теориялық мәселелердің бірі» [5, 29]. Яғни дыбыстар сәйкестігі тілдің дамуы барысында жаңа сөз жасауға негіз болады.

Сөз құрамындағы тарихи фонетикалық өзгерістер екі түрлі жағдайда өмір сүреді. Бірінші жағдайда сөздер түрліше дыбысталып, қолданыста олардың ішкі семантикасына, мағыналық дамуына өзгеріс енбей, бастапқы мағынасынан ажырамайды. Екінші жағдайда дыбыстық өзгерістер сөз мағынасының өзгеруіне жағдай жасайды, бұрынғы мағынасының өзегін сақтай отырып, жаңа атаудың туындауына себепші болады. Мұндай дыбыстық өзгерістер нәтижесінде туындаған сөздер тіл білімінде фонетикалық тәсіл арқылы сөз тудыру деп аталып жүр.

Татар тілінің сөзжасамын зерттеуші ғалым Ф.А. Ганиев жаңа сөз тудырудың бір жолы фонетикалық тәсіл деп көрсетеді. Бірақ дыбыстардың мағына өзгертушілік қасиеті болса да, тіл білімінде бұл пікірдің толық қолдау таппағаны белгілі. Бірақ ғалымдар дыбыстық өзгерістер нәтижесінде туындаған жаңа сөздерді сөзжасам саласына тән заңдылықпен түсіндіріп, фонетика-семантикалық тәсіл деп атап жүр.

Яғни сөзжасам саласына қатысты ғалымдар пікірін саралай келсек, дыбыс өзгерістері арқылы да туынды мағына жасалады.

Ғалым А.Салқынбайдың жоғарыда аталған сөзжасамдық тәсілге байланысты пайымдауларына қайта оралайық. Ғалым дыбыс сәйкестіктері арқылы туынды мағына жасалатындығын фонетика-семантикалық тәсілдің басты нысаны деп есептейді. Жалпы адамзат тіліндегі сөзжасам үрдісін бір не екі-үш түбір сөз арқылы анықтау мүмкін емес екендігіне де назар аударады. Демек, ғалымның өз сөзімен берер болсақ, «дыбыстардың жіктелуі мен сәйкестенуі арқылы жасалған сөзжасамның бұл түрі сөзжасамдық мағына туғызудың негізі болған. Сонымен бірге тектес және әртектес дыбыстық жіктелістер арқылы жаңадан сөз жасалу процесінде, сөзжасамдық мағынаның пайда болу заңдылығы сақталады», – деп есептейді [6, 173]. Ғалымның тұжырымдауы бойынша, себепші негіз жаңадан пайда болатын туынды сөз мағынасын негіздейді. Аналогиялық, абстракциялық, ассоциативтік, мотивациялық заңдылықтар негізінде сөз мағынасы өзгеріске түседі. Осыған сәйкес фонетика-семантикалық сөзжасамда көпмағыналылық, синонимдік, антонимдік сөздер мағыналары қалыптасады. Сонымен қатар дыбыс сәйкестіктері «сөзжасамдық қалыптар» деген атаумен аталып, олардың сөзжасамдық мағынаға қатыстылығы тұрғысынан А.Салқынбай еңбегінде тұжырымдалады. Сондай-ақ, ғалым: «...Тарихи тіл дамуы барысында дыбыстар өз кезегінде тек аллофон ретінде жұмсала келе, бірте-бірте мағынасын өзгертушілік қабілетіне ие болып, фонема сипатында қалыптасқан. Дыбыстардың сандық және сапалық жағынан өсуінің басты себебі – жаңа мағыналы туынды сөз жасау қабілеті. Дыбыстардың өзгеруі тек сөзжасамдық мағына жасау қажеттілігіне негізделеді», – деп бағамдайды [6, 173].

Жалпы сөзжасамдық тәсілдерді атағанымызда, фонетика-семантикалық тәсілдің сөзжасамдық мағына туғызудағы қызметі өз деңгейінде толық талданбағандығына көз жеткізуге болады. Себебі ғалымдардың еңбектерінен дыбыс сәйкестіктерінің морфонология саласына тән үлес салмағы мен сөзжасамдық мағынаға тән қызметінің толық жүйеленбегендігін байқаймыз.

Қосымшалардың дыбыстық варианттары фонетикалық заңдылық негізінде қалыптасқан. Оны морфонология саласы зерттейді. Сонымен бұл арада сөзжасам өзінің жұрнақтарының дыбыстық вариантта қолданылуы арқылы тілдің фонетика, морфонология салаларымен байланысатыны анықталды.

Сөзжасамның тіл білімінің басқа салаларымен тығыз байланысты екені белгілі, оның кезінде морфонология саласының аясында қаралғаны да белгілі. Қандай да бір жаңа сөздің

белгілі бір тәртіппен жасалатынын білеміз. Ал жаңа сөз, терминдік атау сөзжасамдық жұрнақтар арқылы жасалады. Сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалған туынды сөз сөзжасамның зерттеу нысаны болса, ал сөздің құрамы морфологияның зерттеу нысаны екенін білеміз. Сонымен бірге жұрнақ қосымшалар тобына жататын болғандықтан, бұл тұрғыдан да морфологиямен байланысын байқаймыз. Сөз тудыру әр сөз табына қатысты, ал сөз таптары – морфологияның негізгі нысаны. Ғылымның дамуы морфология мен сөзжасамды тілдің екі түрлі саласы деп шешті. Бұл екі саланың әрқайсысының өз құрылымы, өзіндік тілдік бірліктері бар. Осы тұрғыдан келгенде, әр саланың ерекшелігіне қарай ол салалардың терминдері өзіне тән болғанымен, олардың арасында белгілі жүйе, байланыс бар.

Тілдің бұл екі саласының (морфология, сөзжасам) әрқайсысының зерттейтін мәселесі, ішкі құрылымы екі бөлек. Қазір морфология мен сөзжасам екі жеке сала болғандықтан, олардың әрқайсысының ерекшелігін анықтап, арасындағы бір-біріне деген ықпалдастық, байланыс жағын қарастыру маңызды болып отыр.

Морфология – сөздердің қолданыстағы құрылымын, ол құрылымға кіретін тілдік бірліктерді, олардың мағыналары мен қолданылу заңдылықтарын, морфология бірліктерінің сөз таптарына қатысын, тілдегі сөздердің топтарын зерттейтін болғандықтан, оның бірліктері сөйлеуде, сөйлемде, мәтінде қызмет етеді. Синтаксис бірліктері де осындай болғандықтан, яғни грамматика салаларының қызметі сөйлем, мәтінмен байланысты қызмет атқарады.

Сөздер бір-бірімен байланысып сөйлемді құрайды. Осы сөз тіркестері арқылы жаңа сөздердің жасалуы синтаксис пен сөзжасамның байланысын көрсетеді. Синтаксис сөздердің бір-бірімен байланысын зерттесе, еркін тіркестің мағынасы уақыт өте келе бір ұғым дәрежесіне жетіп, лексикаланады. Яғни осы сөз тіркестерінің лексикаланып, жаңа бір ұғым атауына ие болуын сөзжасам саласы қарастырады, аналитикалық тәсіл арқылы жасалған күрделі сөздерді де зерттейді.

Енді жаңа зерттеу талабына сай интегративтік тұрғыдан лексикология мен фонетика салаларының байланысына тоқталайық.

Сөзжасам да, лексикология да сөздің мағынасын қарастырады. Бірақ екеуінің зерттеу нысандары әртүрлі. Яғни сөз мағынасын зерттеу мақсатының айырмашылығына қарай олар бір-бірінен ерекшеленеді. Сөзжасам тілдің сөздік құрамының толығындағы жаңа сөздердің жасалуын қарастырады. Ол тілдің сөздік құрамының туынды сөздер арқылы толығын зерттесе, лексикология тек туынды сөзбен емес, сөздің, түбірдің барлық түрімен толығын зерттейді, оған басқа тілден енген сөздерді де жатқызамыз. Сөзжасам саласы сөз мағынасын жалпы лексикалық мағына ретінде емес, сөзжасамдық мағына ретінде қарайды. Ол туынды сөз мағынасының қалай жасалғанын қарастырады. Сөзжасам негіз сөзден туынды сөздің, яғни туынды сөздердің жасалу жүйесін зерттейді. Ал ол сөзжасамдық ұяда жасалған туынды сөздердің бәрі тілдің сөздік құрамына кірген лексемалар, сөздер. Кез келген сөз – лексикологияның зерттеу нысаны. Осы бай лексикалық қордың жасалуында өзіндік орны бар сөзжасам саласы тілдегі сөзжасам процесімен байланысты барлық құбылыстар мен заңдылықтарды зерттейді. Осыдан келіп сөзжасам мен лексикологияның байланысы шығады.

Сөзжасам лексикалық нұсқаларды жасағанда, тілдік қарым-қатынасқа қажетті атау жасайды. Ол қажеттілік қоғамда туады, атаудың лексикалық жүйеде жоқ екенін лексика білдіреді. Ал жаңа ұғымды қалай атаудың жолын іздеу – сөзжасам еншісінде, сондықтан ол жоқ атауды тілдің сөзжасамдық тәсілдерінің қайсысымен жасауды сөзжасам жүзеге асырады. Сонымен тілдің лексикалық құрамында өмірде пайда болған ұғымның атауы жоқ екенін тек лексика шешеді, анықтайды.

Қазақ тілінің қалыптасқан сөзжасам жүйесі арқылы тілде жаңа сөздер жасалады да, тіліміздің сөздік қорын үнемі байытып отырады. Тілдің сөздік қорын байытып, оның икемділігін арттыратын, қандай күрделі ой болса да, оны нақтылап, дәл жеткізуге мүмкіншілігі мол құдыретті тіл болып қалыптасудың бір тетігі тілдің сөзжасам жүйесіне байланысты. Осының өзі сөзжасамның тілде атқаратын қызметі мен оның маңызын анық байқатады. Бірақ сөзжасам нәтижесінде жасалған сөздер тілдің сөздік құрамына енеді. Бұдан сөзжасам мен лексикология саласының тұтастығын көреміз.

Сөзжасам да, лексикология да сөздің мағынасын зерттейді. Бірақ екеуі сөз мағынасын әртүрлі қырынан қарастырады. Бұл арада екеуінің сөз мағынасын зерттеу мақсатының түрлілігіне қарай олар бір-бірінен ерекшеленеді.

Сөзжасам сөз мағынасын жалпы лексикалық мағына ретінде емес, сөзжасамдық мағына ретінде қарастырады. Анығырақ айтсақ, ол туынды сөз мағынасының қалай жасалғанын зерттейді. Туынды лексикалық мағынаның қандай негіз сөздің мағынасы арқылы жасалғанын анықтамайынша, сөзжасамдық мағынаны белгілеу мүмкін емес. Бұған қатысты 2002 жылы жарық көрген «Қазақ грамматикасында» былай деп жазылған: «Туынды сөз жасалғаннан кейін, лексикологияның нысанасына айналады, өйткені ол тілдегі басқа сөздер қандай қызмет атқарса, олар да сондай қызмет атқарады. Бұл ретте сөзжасам мен лексикологияның байланысы анық байқалады» [7, 194].

Сөзжасам негіз сөзден туынды сөздердің жасалу процесін зерттейді. Ал ол – сөзжасамдық ұяда жасалған туынды сөздердің бәрі тілдің сөздік құрамына кірген лексемалар, сөздер. Әр туынды лексема тілдің лексикалық жүйесінен орын алумен бірге, ондағы семантикалық топтарға да қосылып, олардың құрамын кеңітіп отырады. Олардың мағынасы ұқсас болғанымен, тұлғасы әртүрлі болып келеді.

Туынды сөздің жасалуына негіз болған сөз де, негіз сөз арқылы жасалған туынды сөз де лексикология үшін жалпы сөз ретінде оның зерттеу нысаны болады. Ал сөзжасам үшін оның жасалу жолы маңызды.

Қорытындылап айтқанда, тіл біліміндегі сөзжасамдық бірліктердің тілдің басқа салаларымен тұтастық (интеграциялық) сипаты сөзжасам деңгейінің біртұтас жүйе екенін айқындайды. Егер де осы кезге дейін тіліміздің дәстүрлі фонетика, лексикология, морфология, синтаксис т.б. салалары тілдік таңбаны талдау шеңберінде ғана болған болса, қазіргі кезде оларды бірін-бірімен сабақтастыра, байланыстыра, теңдестіре зерттеу олардың зерттеу шеңберлерін кеңейтіп, интеграциялық үдерістерге жол ашуда.

Лингвистика ғылымын жалпы адамзат атаулыға тән өзге құралдар қатарында қарастырған ғалымдар оның даму заңдылықтарын өзге де салалармен, құбылыстармен сабақтастыра дәйектеп, тілдік бірліктерді адамзат тілінің табиғи бастауымен, жасалу, жүзеге асу нормаларымен байланыстырудың, жаңаша қырынан қараудың маңызы зор екенін айтады.

Қолданылған әдебиет

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он томдық. 7-том. – Алматы, 2011. - 752 б.
2. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-словарь, 2005. – 440 б.
3. Жаналина Л.Қ. Актуальные проблемы языкознания. Теория. Учебное пособие. – А.: Print-S, 2006. – 330с.
4. Жаналина Л.Қ. Интегративное словообразование: Монография. – А., 2011. – 492 с.
5. Салқынбай А. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2007 – 192 б.
6. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 309 б.
7. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.

ӘӨЖ 81'373:32

САЯСИ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Рысқұлова Мадина Әбілсейітқызы

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2 курс магистранты
Астана, Қазақстан